Ұйымдастырушыға

«Өнербек Құрылыс» ЖШС "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ ұйымдастырған «№ 17283388-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу» ашық конкурсының келесі лоттарына қатысқан:

1. Лот № 84465507-ОК3 - Электр энергиясын есепке алу жабдықтарын/аспаптарын орнату (монтаждау) бойынша жұмыстар (Ақсу ауылы Рысқұлбеков және Темір жолаушылар көшелеріндегі көше жарықшамдарын орнату);
2. Лот № 84465197-ОК3 - Электр энергиясын есепке алу жабдықтарын/аспаптарын орнату (монтаждау) бойынша жұмыстар (Ақсу ауылы Абдуллаев, Бейбітшілік, Тілендиев көшелеріндегі көше жарықшамдарын орнату).

Конкурстық комиссия шешімімен «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстың квалификациалық талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты заңсыз шеттетілген. Атап айтқанда конкурстық өтінімде материалдық және еңбек ресурстарын ұсынбауына байланысты.

Конкурстық комиссияның Мемлекеттік сатып алу талаптарына қайшы шешім қабылдауымен толықтай келіспейміз.

Аталған ашық конкурсының ажырамас бөлігі болып табылатын сметалық құжаттамаларда көрсетілгендей, орындалатын жұмыстар Сайрам ауданының елді мекендерінде жарықтандыру жұмыстары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 3 маусымдағы № 282 бұйрығының талаптарына сәйкес ауланы жарықтандыру жұмыстары – аумақты абаттандыру жұмыстарына жатады деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 72 тармағына сәйкес «құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (ағымдағы немесе орташа жөндеу, қалпына келтіру, қолданыстағы объектілерді қайта өңдеу, **абаттандыру**, дамыту) мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) арқылы материалдық және еңбек ресурстарына иелігін растайды» деп көрсетілген.

«Өнербек Құрылыс» ЖШС өзінің конкурстық өтінімінде Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) құжаттамаларын ұсынған. Атап айтқанда 05.12.2025 жылғы № 25039110 Құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысуға берілген лицензиясы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сұраймыз:

«№ 17283388-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу» ашық конкурсында «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін толықтай конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келуіне байланысты қорытынды туралы хаттаманы қайта қарауды;

«Өнербек Құрылыс» ЖШС директоры А.Ш.Адильбаева